

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қарашадағы N 1726 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1283 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 710 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.27 № 710 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 536 Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетін таратудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 494 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Сот приставтарының нысандық киімі мен ерекшелік белгілері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қарашадағы N 1726 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының сот приставтары нысандық киімінің ерекшелік белгілерінің сипаттамасы мен ү л г і л е р і н д е :

"Сот приставтарының ерекшелік белгілері деген бөлімде: төртінші абзацтағы шеңбердің төменгі жағында - **ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ** деген алтын түстес жазу" деген сөздер алынып тасталсын;

4-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 22 желтоқсандағы

N 1283 қаулысына

қосымша

4-қосымша

Суретті қағаз мәтіннен қараңыз

## Сот приставының атаулы жетоны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК